

**Әкімдіктің 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 9 "2013 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 161 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 маусымда № 4149 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 9 "2013 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3998 болып тіркелген, 2013 жылғы 31 қаңтарда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Е.А. Б у р д ы к а ғ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*М. Жүндібаев*

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3 жылғы 2 1 мамыр

№ 1 6 1 қаулысына

қосымша

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3 жылғы 2 2 қаңтардағы

№ 9 қаулысымен

бекітілген

**Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі**

Ұйым-ның атауы	Жұмыстың түрлері	Жұмыстардың көлемі сағатпен	Жұмыстардың жағдайлары	нақты	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көзі
"Уста плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қызметкердің алдынала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, Лисаков қаласының, Октябрь кентінің, Красногор селосының аумақтарын санитарлық тазалауға, көгалдандыруға және абаттандыруға қатысу	72624	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленуге, күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде тынығуға және тамақтануға арналған ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге тиіс.	Айына жалақының 2 ең төменгі мөлшері	Лисаков қаласының бюджеті	
			Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен және қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамалық актілері қолданылады.			